Шортанды ауданының "Ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі" мемлекеттік мекемесі

Шағым

Шортанды ауданының «Ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесіне мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде №16253553-ГСЗ1 мемлекеттік сатып алу конкурсының қорытындылары туралы хаттамамен келіспейтінімізді білдіреміз.

Атап айтқанда, «Тәлімгер» жастар қоғамдық бірлестігіне «Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы» критерийі бойынша негізсіз 2 балл ғана есептелген деп санаймыз.

Аталған бірлестіктің «Жасыл ел» еңбек жасақтарының жұмыстарын үйлестіру жобасы бойынша 2019, 2020, 2021 және 2022 жылдар аралығында жұмыс тәжірибесі бар екенін назарға саламыз.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына» 21-қосымшаға сәйкес, сатып алынатын қызметтердің нысанасына және мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында әлеуетті өнім берушінің екі жылдан астам және бес жылға дейінгі жұмыс тәжірибесіне 6 балл есептелуі тиіс.

Осыған байланысты «Тәлімгер» жастар қоғамдық бірлестігіне аталған критерий бойынша 6 балл есептеп, конкурс қорытындыларын қайта қарауды сұраймыз.

Директор, **Н.Бейбитов**